

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

21 ҚАЗАН
СЕЙСЕНБІ

2014 жыл
№156 (18850)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

● “АЛТЫН КҮЗ –2014”

СЫР ДИҚАНДАРЫНЫҢ ТОЛАҒАЙ ТАБЫСЫ

облыс егіншілері рекордтық 395 мың тонна өнім жинады

Сенбі күні Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрында «Алтын күз-2014» мерекесі аясында биылғы егін жинау қорытындысы бойынша өндіріс озаттарын марапаттау салтанаты болып өтті. Онда облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аймақтың ауылшаруашылық саласы мамандарын қол жеткізген табыстарымен шын жүректен құттықтады.

— Биыл облыс диқандары 161,3 мың гектарға егілген ауыл шаруашылығы дақылдарын толығымен жинап алды және оның көрсеткіштері де жоғары болды. Оның ішінде негізгі дақылмыз 81245 гектарға егіліп, күтімге алынды. Егер өткен жылы күріштің тұқым құйылып, төрт түлік малдың қысқа қажетті азығы жиналды. Облыс бойынша ірі қара малдың басы 263,4 мың басты құрап, уақ малдың саны 609,4 мың басқа жетті. Сүт өнімдерінің көрсеткіші 104 пайызға өсті.

Аймақ басшысы облыста ауыл шаруашылық саласын дамытуға қатысты атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Елбасы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Аграрлық-инновациялық кластерлер» құруымыз қажет деп тапсырма берген болатын. Соған орай, үстеміздегі жылы ауыл шаруашылығы саласында ғылыми негізделген 11 инновациялық жоба өндіріске



енгізілуде. Оның ішінде, өндіріске жаңа күріш сортын енгізу және тарату, топырақ өңдеуді минимализациялау арқылы күріш және артрапатандыру дақылдарын өсіруде су, ресурс үнемдеу технологиясын қолдану, мал шаруашылығының берік малазықтық қорының негізін жасау мақсатында арпа, сұлы дақылдарының тиімділігін пайдалану, суды тиімді пайдалану, жоңышқа дақылдың өнімділігін арттыратын және зиянкестерін жою биологиялық препараттарды өндіріске қолдану ет бағытындағы қой және мүйізді ірі қара малын селекциялық тиімді әдіспен өсіру жөніндегі жобалар іске асырылуда.

Салтанатты жиында Қазақстанның Еңбек Ері, облыстық күріш өндіруші және қайта өңдеушілер ассоциациясының төрағасы Абзал Ералиев Елбасыға арналған Үндеуді оқыды.

— Сіз Алаштың анасына балаған Сыр өңірінің әр саласында серпінді даму бар. Бүгінде Кіші Аралдың айдыны шалқып, ТМД елдерімен қатар Еуропаға дейін балық өнімдері экспортталуда. Еуропа мен Азияның түйісу аймағында орналасқан Қазақстанның транспорттық әлеуетін тиімді пайдалану үшін Сіздің бастаманыңмен салынған «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» автодәлізі аймақта өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін таяу және алыс шетелдерге тасымалдауға мүмкіндік туғызып, саланың өркендеуіне жаңа қарқын беріп отыр, — деді Елбасыға арналған Үндеуде Абзал Жұмашұлы.

Мұнан соң облыс әкімі Қ.Көшербаев облыстың ауыл шаруашылығы саласының еңбек озаттарын 23 түрлі номинациямен марапаттап, 150 мың теңге ақшалай және зат-

тай сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар «Мал шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен» — Жаңақорған ауданы, «Егін шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен» — Жалағаш ауданы, «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде үздік жетістіктерге жеткен» Шиелі аудандары марапатталды. Ал «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген «Үздік аудан» номинациясы бойынша Бірінші дәрежелі дипломын Сырдария ауданы иеленді.

Ауыл шаруашылығы саласының еңбек озаттарын марапаттау салтанаты мерекелік концертке ұласты.

Ы.ТҮРЛЫҒҰЛОВ.

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ҚУАНТҚАН ЖӘРМЕҢКЕ



Қызылорда қаласында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Жеті аудан облыс орталығына әкелген әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің 53 түрі нарықтағы бағадан 15-20 пайыз арзанға сатылды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев барлық ауданның жәрмеңкесінде болып, сатушылар және тұтынушылармен жүздесті.

● МӘСЕЛЕ

ҚЫЗЫЛМИЯҒА ҚҰНЫҒЫП, ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚҰРТЫП ЖАТЫР

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте қызылмия өсімдігіне қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Қызылмия фармацевтика саласында кең қолданылатыны белгілі. «Алтын тамыр» атанған өскінінің емдік қасиетін ертеден білетін tibetтіктер оны өкпе ауруына дәру ретінде қолданса, Қытай мен Үндістанда жүрек, өт жолдары, асқазан дертін емдейді. Батыс Еуропа елдері семіздіктен арылуға

арналған қоспалар дайындауға пайдаланады. Әлемдік нарықта бұл өсімдікке сұраныс артып барады. Көптеген елдерде шикізат қоры азайған, кей елдерде сарқылған. Облыстық ішкі істер департаментінің мәліметіне қарағанда, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласында қызылмия тамырын заңсыз жинаудың 39 дерегі тіркелген. Мал жайылымдарындағы өсімдікті техникамен қопарып, көпе-көрінеу әкеліп жатқандарды көрген тұрғындар дабыл қағуда. Шаруа қо-

жалықтары әкімдіктерден алған шабындық, жайылымдық жер учаскелерін нысаналы мақсатқа пайдаланбай, қызылмия жинаушыларға рұқсат берген. Ал тамыр жинаушылар топырақ қабатын аяусыздықпен қопарып, табиғатқа зиян шектіруде. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Е.Бекжанов өсімдіктердің мемлекеттік қадастрына сәйкес аймақтағы мемлекеттік орман қоры жерінен қызылмия 3378 тонна қызылмия тамырын жинауға бола-

тынын айтты. Қолданыстағы заңнамада мемлекеттік орман қорынан тыс жерлерде қызылмия тамырын жинау тәртібі және олардың төлемасы ставкасы, жауапкершілігі көзделмеген. Қызылмия тамырын ел аумағынан әкетуге уақытша тыйым салу туралы Үкімет қаулысының жобасы әзірленген. Бірақ қабылдануы кешіктіріліп жатыр. Оңай олжа іздегендер инженерлік жүйеге келтірілген суармалы егістік танаптарындағы каналдар мен су қашыртқыларының

бойын бүлдіруде. Мұның соны топырақтың су және жел эрозиясына ұшырауына әкеп соғады. Облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Ш.Койшыбаев мия тамырын жинап заңсыз өткізуден түсетін түсім жерді мақсатсыз пайдаланғанға салынатын 25969 теңге айыппұл мөлшерінен әлдеқайда көп екенін айтты. Сондықтан жер пайдаланушылар айыппұлды төлеп, жерді басқа мақсатқа қолдануын жалғастырып отыр. Мия тамырын өңдейтін Жалағаш пен Шиелідегі зауыттардың иелері қажетті жер телімдерін бірнеше мәрте қадағалаулар нәтижесінде алып отыр. Компаниялар өз сұраныстарын мианы ету арқылы қамтамасыз ету керек.

Дәурен ОМАРОВ.

● ҚАЛА КҮНІ

ЕКІ БАЛАБАҚША, ЕКІ ЕМХАНА

Қызылорда қаласы күніне орай аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев әлеуметтік маңызы бар бірнеше нысанның ашылу салтанатына қатысты. Қай кезеңде болмасын жас ұрпақты тәрбиелеу қоғам алдындағы ең жауапты, маңызды іс. Білім — баға жетпес рухани байлық, ғылымның іргетасы, мемлекет дамуының алтын арқауы. Өсіп-өркендеудің, табысқа, жетістікке жетудің, дәулетті өмір сүрудің негізгі балабақшалардан бастау алады.

«Ақсуат» ауылдық округіне қарасты «Наурыз» шағын мөлтек ауданында орналасқан 140 орындық «Сыр самалы» балабақшасы мен Қызылжарма кентінде 280 орындық «Сыр дидары» балабақшасы іске қосылды. Қос балабақшаның ашылу салтанатына қатысып, сөз сөйлеген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, «Биылғы жылы Қызылорда қаласының өзінде ғана 16 жекеменшік және 2 мемлекеттік балабақша пайдалануға берілді. Мұның барлығы да Елбасының бүлдіршіндерге, оқушы жастарға жасап жатқан қамқорлығы. Жаңа ғимараттарыңыз құтты болсын! Іші сәбилердің шат күлкісіне толсын! Мерекелеріңіз құтты болсын!» — деді.

Ел экономикасының дамуына орай қай салада болмасын жаңа серпілістер мен тың өзгерістердің жүзеге асып жатқаны белгілі. Қаламызда түрлі құрылыс нысандары, жаңа тұрғын үйлер мен ғимараттардың бой көтеруі әлеуметтік экономикалық жағдайдың ілгерілеушілігін байқатады.

2-бет



130 ОТБАСЫ ҚОҢЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Сыр өңірі бас шаһарының Қала күні мерекесіне құрылысшылар лайықты тарту жасады. Аймақтағы белгілі құрылыс компаниялары — «Мұнайқұрылыс», «Сыр құрылысы» және «Интегрострой» серіктестіктерінің «Қолжетімді баспана-2020», «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламалары аясында Сұлтан Бейбарыс көшесінде тұрғызылған үш үйі пайдалануға берілді. Атап айтқанда, 60 пәтерлік, 30 пәтерлік және 40 пәтерлік осы үш үйде барлығы 130 отбасы қоныстанды.

Жаңа тұрғын үйлердің ашылу салтанатында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтау сөз сөйледі.

Баспана адам өмірі мен тұрмыс тіршілігінде зор маңызға ие ең басты қажеттіліктердің бірі. Елбасының қолдауымен соңғы жылдары елімізде қаншама отбасы жеке пәтерге ие болды. «Азаматтардың өмір сүру сапасының озық көрсеткіші — тұрғын үй жайлылығының деңгейі» деп Елбасымыз атап өткендей, бүгінгі күн қала және оның тұрғындары үшін ерекше күн. «Қолжетімді баспана-2020», «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламалары бойынша беріліп отырған осынау үш үйдегі 130 пәтерде Сыр елінің азаматтары — жас отбасылар керегесі кең, босағасы берік шаттыққа толы қоныс тойын тойлағалы отыр. 2014 жылы барлығы 750 пәтер орналасқан 22 үй пайдалануға берілді. Бүгін жаңа пәтер кілтін алатын жандардың арасында балалар үйлерінің түлектері де бар. Оларға айтарым, «Сіздер, әке-шешем жоқ деп ұйымдамаңыздар. Сіздерге әкешелеріңіздей қамқорлық жасайтын Тәуелсіз еліміз бен Елбасымыз бар», — деген аймақ басшысы Қала күнімен қатар «Алтын күз-2014» мерекесі де тойланып отырғанын жеткізді. Қырымбек Елеуұлы облыс диқандары мерекеге лайықты жетістіктерімен келіп отырғанын атап өтті. Биыл егіншілеріміз күріштің әр гектарынан 50 центнерден артық өнім жинап отыр. Бұл еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі уақыт ішіндегі ең рекордтық көрсеткіш болып саналады.

2-бет



ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 31 сессиясы 2014 жылғы 24 қазанда сағат 10-00-де облыстық мәслихаттың мәжіліс залында (Облыстық мекемелер үйі) ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. “2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы” Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 18 желтоқсандағы №164 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
2. Қызылорда облысының аумағында құрылыс салу қандасын бекіту туралы.
3. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2014 жылғы 24 қазанда сағат 09.00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

2-бет

ЕКІ БАЛАБАҚША, ЕКІ ЕМХАНА

Қызылжарма ауылдық округі және Ж.Махамбетов ауылында орналасқан екі дәрігерлік амбулаторияның лентасын қиған аймақ басшысы «Өңірімізде денсаулық сақтау саласында халық игілігі үшін қызмет ететін жаңа дәрігерлік амбулаториялардың пайдалануға беріліп жатқандығы – үлкен қуаныш» – дей келе, – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында «Денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық – алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту. Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу – аурудың алдын алудың негізі» – деген болатын. Жыл өткен сайын аймағымызда әлеуметтік нысандар көптеп салынуда. Бұл әлеуметтік нысандардың басым бөлігі қалаға қарасты ауылдарда бой көтеруде. Атап айтсақ, бір ғана осы Қызылжарма ауылының өзінде ауылдық клуб, дәрігерлік амбулатория және 280 орындық балабақша пайдалануға берілсе, 2 көше жөнделіп, 8 көшеге тас төселінді. Қазіргі таңда, ауыз су мәселесі толыққанды шешіліп, газдандыру жұмысы 2015 жылы толық

аякталады» – деді.

Адамның өмір сүру деңгейін жақсарту – бұл, ең алдымен, медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, саламатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты екені белгілі.

– Соңғы жылда облыста ауыл тұрғындарының денсаулығын бақылау мәселесі өткір қойылып келеді. Сондықтан, біз облысымызда денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында 2013-2014 жылдарға арналған «Жол картасын» әзірледік. Бұл ең алдымен өзекті мәселелерді түбегейлі шешуге мүмкіндік беретін болады. Сонымен қатар, соңғы 3 жылда өңірімізде 39 медициналық нысан пайдалануға берілсе, биылғы жылы 18 жаңа нысанды халық игілігіне беру жоспарланып отыр, – деді облыс әкімі Ж.Махамбетов ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның ашылу салтанатында.

Халық игілігі үшін ашылып отырған нысандардың жұмыстарына сәттілік тілеп, тәуелсіз ел халқының денсаулығы мықты, болашағы жарқын болсын, деген ниет-



пен облыс әкімі, жаңа дәрігерлік амбулатория ұжымдарына автокөлік кілттерін табыстады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

130 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Салтанатты шараға қатысушыларды мерекелерімен құттықтаған облыс әкімі мұнан кейін жаңа қоныс иелеріне потер кілттерін табыс етті. Баспанаға ие болғандар арасынан жас маман М.Мометова атындағы гуманитарлық колледж мүгалімі Сандуғаш Қылышбаева өзінің жүрекжарды лебізін жеткізсе, ақ жаулықты аналар баталарын берді.

Бұдан кейін облыс әкімі Гүлнар Үргенішбайдың пәтеріне кіріп көрді. Бұл отбасы облыс орталығына Қазалы ауданындағы әлеуеті төмен Үйрек елді мекенінен көшіп келген. «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы аясында отағасы Ақылбек газдандыру саласы мамандығы бойынша қайта даярлықтан өтсе, Гүлнардың өзі оператор мамандығына

оқып алған. Қазір ол үш баламен үйде отырған жайы бар, ал жолдасы құрылыс саласында жұмыс істеп жатыр. Бұған дейін әр жерден пәтер жалдап келген отбасы міне енді үш бөлмелі жайлы пәтерге ие болып отыр.

Жайылған дастарханнан нан ауыз тиген аймақ басшысы жаңа баспанаға ие болып отырған отбасы мүшелерін

тағы да құттықтап, ізгі тілектерін арнады. Олар өз кезегінде өздеріне жасалып отырған қамқорлық үшін мемлекетімізге, Елбасымызға, облыс басшылығына шексіз риза екендіктерін жеткізді. Қырымбек Елеуұлы қоштасар сәтте отбасына тоназытқыш тарту етті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Өткен аптаның сенбісінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жуырда Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында болған Азия ойындарынан жүлделі оралған қызылордалық спорт сандаларына – Алмас Өтешов пен оның бапкері Илья Ильин, Қазақстан құрамасы сапында ойын көрсеткен қызылордалық гандболшы қыздардың бапкері Вячеслав Ким және оның шәкірттерін қабылдады.

Облыс әкімі спортшыларды толағай табыстарымен құттықтады. Өңірдің спорт саласы мен дамуы жолында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Мемлекет басшысының қолдауы арқасында біздің аймақтың спорттында үлкен серпілістер байқалуда. Биыл Сырдария ауданының орталығы – Теренөзек кенті мен Шаған ауылында спорт кешендері халықтың игілігіне берілді. Сондай-ақ, осы аудандағы Нағи Лиясов ауылында стадион мен спорт кешені, Қазалы, Жанакорған аудандарында дене шынықтыру-сауықтыру

кешендерінің іргетасы қаланды. Оған қоса, Қызылорда қаласында бөке орталығы және ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында ипподром құрылыстары басталды. Және болашақта Сырдарияның сол жағалауынан 15 мың адамға арналған футбол стадионы, оның жанынан стандартқа сәйкес 6 футбол алаңы, «Кайсар» командасының базасы және футбол академиясын салу жоспарланып отыр. Кездесу соңында жүлдегер спортшыларға қаржылай сыйлық табыс етілді.

Әділжан ҰМБЕТ.



ТҰҢҒЫШ ӘЛЕУМЕТТІК СПОРТ АЛАҢҚАЙЫ АШЫЛДЫ



Өткен аптаның сенбісінде ұйымдастырылған Қала күні қарсаңында Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион алаңында әлеуметтік спорт алаңқайы ашылды. Бұл спорт аланы паркур, воркаутер, скейтбордінг

сында спорттың түрлеріне қызығушылығы бар жастарды қолдау мақсатында салынып отыр.

Облыс басшысы Қырымбек Көшербаев жастарды жаңа спорт алаңқайымен құттықтап, мемлекет тарапынан аймақ жастарының спортпен шұғылдануына барынша қолдау көрсетіліп жатқанын айтты. Әлем және екі дүркін Олимпиада чемпионы Илья Ильин өңірімізде осындай өркенді өзгерістердің болып жатқанына ризашылық білдіріп, жастарды спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға шақырды.

Айта кетейік, өткен жылы Қызылорданың белсенді жастары облыс әкіміне көше спортына арналған алаңқай салу туралы ұсыныс айтқан болатын. Бұл игілікті іс сол жастардың ұсыныс-пікірлерінің ескеруісз қалмағанын көрсетеді. Осыдан кейін шараға қатысушылар паркур, стрит-воркаут, BMX, MTB козғалғысы мүшелерінің көріністерін тамашалады.

Әділжан ҰМБЕТ.

ҚЫЗЫЛМИЯҒА ҚҰНЫҒЫП, ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚҰРТЫП ЖАТЫР

Мәжілісте Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бас сарапшысы Ж.Атымтаев қызылмия тамырын шетелдерге шығаруға тыйым салуға орай атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Сарапшының сөзіне қарағанда бұл мәселенің біраз кешуіүлдейтін түрі бар. Осы орайда облыс әкімі уақытша тыйымды созылағанға салу жағдайды күрделендіре түсетінін айтты.

Облыс прокуроры С.Нұрпейісов жер қойнауына зиян келтіріп, дөрілдік өсімдікті ықпалсыз жинаудағы заңсыздықтарға тосқауыл қоюдың заңдық нормаларына тоқталды. Ең алдымен жерді қанаусыз пайдаланғандар ескертуден кейін де әрекетін жалғастырса, әкімдік оны сот арқылы қайтарып алуға құқылы. Қараша айында прокуратура қызметкерлері қызылмия тамырын заңсыз жинаушылар ісіне түпкілікті құқықтық баға беруге арналған үйлестіру кеңесін өткізбек.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы республика аумағынан қызылмия тамырын әкетуге тыйым салу туралы Үкімет қаулысының шығуына ұсыныс беру, құқық қорғау органдарымен бірлесіп іс-шаралар әзірлеу туралы тапсырма берді.

І-бет

Гүлжазира ЖАҒАСОВА.

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ

БЮДЖЕТКЕ ӨНДІРІЛІП АЛЫНДЫ

Қаржылық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша инспекциясымен 2014 жылдың 9 айында 209 бақылау объектісінде барлығы 253 тексеру жүргізілген.

2014 жылдың 9 айында анықталған жолсыздықтардың жалпы сомасы 6296493,9 мың теңге есептілікке қосылған, оның ішінде 1443561,1 мың теңгенің қаржылық бұзушылықтары және 4852932,8 мың теңгеге бухгалтерлік есепке алу-ды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау ережесін бұзғандығы анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың бюджетке өтеуге және қалпына келтіруге жататын 5119311,0 мың теңгенің (анықталған жолсыздықтардың 81,4 пайызы) 5072240,2 мың теңгесі (99,1 пайызы) бюджетке өндіріліп, қалпына келтірілді. Одан басқа, Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 21 шілдесі №303 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы №1301 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» Ережесінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы №623 қаулысымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидадың талаптары сақталмауынан барлығы 2202156,4 мың теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде мемлекеттік сатып алу қорытындысына әсер ететін 1090233,2 мың теңге және мемлекеттік сатып алу қорытындысына әсер етпейтін 1111923,2 мың теңге.

Қолданылған шаралар нәтижесінде 231 лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылып, оның ішінде 1 лауазымды тұлға қызметінен босатылды. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес 51 лауазымды тұлғаға 5778,3 мың теңге көлемінде салынған айыппұлдың 5056,0 мың теңгесі бюджетке өндіріліп алынды.

Есепті кезеңде құқық қорғау органдарына барлығы 3155989,1 мың теңгеге анықталған қаржылық заң бұзушылықтарымен 18 бақылау материалдары процесуалдық шешімдер қабылдау үшін жолданған, олардың ішінде 76945,4 мың теңге

қаржылық бұзушылықтардың 5 бақылау материалдары бойынша қылмыстық істер қозғалып, олардың ішінен 63000,0 мың теңге қаржылық бұзушылықтардың 1 қылмыстық іс қысқартылған, 11662,8 мың теңге қаржылық бұзушылықтардың 2 қылмыстық ісі тоқтатылып тұр, 2282,6 мың теңге қаржылық бұзушылықтардың 2 қылмыстық ісі өндірісте. 380527,2 мың теңге қаржылық бұзушылықтардың 5 бақылау материалы бойынша прокурорлық назар аудару қабылданып, нәтижесінде 9 лауазымды тұлға материалды және 14 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Қаржылық жолсыздықтарды және сыбайлас жемқорлық қылмыстарды болдырмау мақсатында инспекцияда бақылау жұмыстарын жүргізумен қатар анықталған қаржылық жолсыздықтарды қалпына келтіру және өндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Рысбек МӘМБЕТОВ, ҚР Қаржы министрлігі Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының басшысы.

2014 ЖЫЛҒЫ ЕГІН ЖИНАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША АРНАЙЫ НОМИНАЦИЯЛАРМЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР:

1. “Озат бағбан” номинациясы бойынша, Жанакорған ауданының бағбаны, Төлепбергенова Айзада марапатталды. Заманауи технологияларға сай әдістер арқылы 15 га жерге жеміс ағаштарын отырғызуды қамтамасыз етті.
2. “Озат картоп өсіруші” номинациясы бойынша, Жалағаш ауданы «Таң ЛТД» шаруа қожалығының картоп өсірушісі Құнатас Хан Мұқтарұлы марапатталды. Тамшылатып суару әдісімен 12 гектар картоп дақылын егін, әр гектарынан 28 тонна өнім жинаған.
3. “Озат бақша өсіруші” номинациясы бойынша, Шнелі ауданы «Бидайкөл» шаруа қожалығының бақша өсірушісі Маддыбаев Қойшыбай марапатталды.
- 4 гектар бақшаның әр гектарынан 62 тонна өнім жинаған.
4. “Озат жоңышқа өсіруші” номинациясы бойынша, Шнелі ауданы, «Ақмая» шаруа қожалығының жоңышқа өсірушісі Ибрагимов Ермек марапатталды. Аса құнарлы мал азығы жоңышқа дақылын күтіп-баптап, оның әр гектарынан 250 центнер жоңышқа шөбін жинауды қамтамасыз еткен.
5. “Озат бидай өсіруші” номинациясы бойынша, Жанакорған ауданы, «Сұңқар» шаруа қожалығының бидай өсірушісі Тәуенбаев Ермек марапатталды.
- Өзіне бекітілген 60 гектар бидайды агротехникалық талапқа сай күтіп-баптап, әр гектарынан 45 центнер өнім алуды қамтамасыз етті.
6. “Озат күріш өсіруші” номинациясы бойынша, Жалағаш ауданы, «Ер-Әлі» шаруа қожалығының күрішшісі Нұрмаханов Қалдасбай марапатталды.
- Өзіне бекітілген 62 гектар Сыр маржанын агротехникалық талапқа сай күтіп-баптап, әр гектарынан 78,0 центнер өнім алуды қамтамасыз етті.
7. “Озат суыш (гидротехник) номинациясы” бойынша, Қармақшы ауданы «Қармақшысушар» өндірістік учаске басшысы Айтмағанбетов Маратбек Шомекейұлы марапатталды.
- Су беру маусымында ауыл шаруашылығы дақылдарын тұрқты суармалы сумен қамтамасыз етті.
8. “Озат жатқа машинисі” номинациясы бойынша, Қазалы ауданы, «Сырмаржаны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің астық орудысы Сәрсенбай Омар Кенжебайұлы марапатталды.
- Күрші ору науқанында «МАГ/ДОН» маркалы жатқасымен 1400 га күріш орып, маусымдық мөжесін 2,6 есеге асыра орналаған.
9. “Озат қойбақшы” номинациясы бойынша, Жалағаш ауданы, «Сәрге Батыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қойбақыері Бархатов Ғабит марапатталды.
- Үгітмдізді жылы күріш жинау науқанында жоғарғы өнімділікпен жұмыс атқаратын шетелдік маркалы «Клас» қойбақымен 4730 тонна күріш бастыруды қамтамасыз еткен.
10. “Озат бақташы” номинациясы бойынша, Арал ауданы, «Ықылас» шаруа қожалығының бақташысы Алпысбаев Ықылас марапатталды.
- Өзіне бекітілген 376 бас ірі қараны толығымен аман сақтап, әр 100 сиырдан 88 бұзау алуды қамтамасыз етті.
11. “Озат шопан” номинациясы бойынша, Жанакорған ауданы, «Ақсенгір» шаруа қожалығының шопаны Әуелбек Абрахаман марапатталды.
- Отардағы 850 қой басын 100,0 пайыз аман сақтаған. Биылғы жылы әр 100 саулықтан 120 қозы алуды қамтамасыз еткен.
12. “Озат жылқышы” номинациясы бойынша, Қазалы ауданы, «Аржиков Б» шаруа қожалығының бақташысы Аржиков Берік Жұбанарұлы марапатталды.
- 374 бас жылқыны 100,0 пайыз аман сақтап, әр 100 биден 91 құлын алуға қол жеткізді.
13. “Озат түйекені” номинациясы бойынша, Арал ауданы, «Құланды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің түйекеші Ақбаев Жанкелді марапатталды.
- Келесі 189 бас түйенің 100,0 пайызын аман сақтап, 100 інгеннен 57 бота алуды қамтамасыз етті.
14. “Озат балықшы” номинациясы бойынша, Арал ауданы, «Арал балық өңдеу зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің балықшысы Сырымбетұлы Достық марапатталды.
- Жыл басынан бері 290 тонна балық аулап, облыс тұрғындарына сатуды қамтамасыз еткен.
15. “Озат бригадир” номинациясы бойынша, Қармақшы ауданы, «Достық жер МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бригадирі Кан Виктор марапатталды. Бригада ұжымы егілген 594 гектар Сыр маржанын агротехникалық шараларға сай күтіп-баптап, оның әр гектарынан 53 центнерден өнім жинаған.
16. “Озат бригадир” номинациясы бойынша, Сырдария ауданы, «Қызылдиқан» шаруа қожалығының бригадирі Ергалиев Тахир марапатталды. Бригада ұжымы егілген 594 гектар Сыр маржанын агротехникалық шараларға сай күтіп-баптап, оның әр гектарынан 53 центнерден өнім жинаған.
17. “Озат өңдеу кәсіпорны” номинациясы бойынша, Қызылорда қаласы, «Най-Мир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі марапатталды. Директоры Дүйсенбаев Марат Базарбайұлы.
18. “Озат асыл тұқымды мал шаруашылығы” номинациясы бойынша, Қазалы ауданы, «Рыс-Асыл тұлкі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі марапатталды. Директоры Спанов Абзал.
- Мал басы 100,0 пайыз аман сақталған. 9 айда 56 тонна ет және 4121 тонна сүт өндірілген.
19. “Озат егін шаруашылығы” номинациясы бойынша, 2 дәрежелі дипломмен Сырдария ауданының «Шаған жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі марапатталды. Директоры Қалыров Бердібек Бермағанбетұлы.
- Шаруашылық 2900 гектар күріштің әр гектарынан 55,0 центнерден өнім жинаған.
20. “Озат егін шаруашылығы” номинациясы бойынша, 1 дәрежелі дипломмен Сырдария ауданының «Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі марапатталды. Директоры Ералиев Дархан Жұмаұлы.
- Серіктестік 1883 гектар күріштің әр гектарынан 71,0 центнерден өнім жинаған.
21. “Озат егін шаруашылығы” номинациясы бойынша, 1 дәрежелі дипломмен, Қармақшы ауданының «Жанажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі марапатталды. Директоры Әббасов Қылышбек Қуанышбайұлы.
- Шаруашылық 2986 гектар күріштің әр гектарынан 72,5 центнерден өнім жинаған.
- Шаруашылық жыл сайын күріш өндірісіндегі агротехникалық талаптарды қатаң сақтайды. Қазіргі кезде келесі елестіне қажетті тұқым толық құйылып алынып, сүлгілер жырту жұмысы қарқынды жүргізілуде.
22. «Озат телесілдер тілшісі» «Қазақстан-Қызылорда» арнасының редакторы Башарова Гүлшара Есенбекқызы марапатталды.
- Ауыл еңбеккерлерінің билығы тыныс-тіршілігін, игі істерін аса шеберлікпен бұқаралық ақпарат құралдарында ұдайы жариялауын қамтамасыз етті.
23. “Озат газет тілшісі» «Қызылординские вести» газетінің журналисі Жакибаева Мира Ақтөкеқызы марапатталды.
- Билығы жылғы ауыл жаңалықтарын баспасөзде үнемі жарық көруіне ықпал етті.
24. «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде үздік жетістіктерге жеткен озат аудан» номинациясы бойынша Екінші дәрежелі агротехникалық талаптарды қатаң сақтайды. Аудан әкімі Сәрсенбаев Қайрат Әубәкіұлы.
25. «Мал шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен озат аудан» номинациясы бойынша Екінші дәрежелі дипломмен Жанакорған ауданы марапатталды.
- Аудан әкімі Тәуіпбаев Сұлтанбек Тәуіпбайұлы.
26. «Егін шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен озат аудан» номинациясы бойынша Екінші дәрежелі дипломмен Жалағаш ауданы марапатталды.
- Аудан әкімі Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлы.
27. «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген Үздік аудан» номинациясы бойынша, Бірінші дәрежелі дипломмен Сырдария ауданы марапатталды. Аудан әкімі Қазанғаев Ғанибек Қонысбекұлы.

2014 жылдың 17 қазанындағы бос жұмыс орындары

	Мемлекет атауы	бос жұмыс орны	саны	Мемлекет меке-жаыы
1	«Қызылорда су жұрты» МК	тар-жол-қорғаныс жұмысшы	3	Жетісай 156, 23-00-42
		жасандық машинасы	1	
		ЖО-33211А жасандық машинасы	1	
		жүк тасушы	10	
2	«Керемет Сауда» ЖШС	қойна мөңгерушісі	1	Шымбай № 107 22-43-10
		жасандық	2	
		сатушы	1	
		жүргізуші (Газель)	1	
		КИП и А инженері	1	
		АЭС операторы	4	
3	«Енисей» ЖШС	АЭС кассир-операторы	4	Жетісай №12 қаш. 26-31-12
		аспа-салаушы	1	
		елен жуушы	5	
		пнша істеруші	3	
4	«Ірмәуш Қазақстан» ЖШС	бирмен	4	Бегім өңі, 8/6 8701871564, 8705924126, 87029334326, 26-31-42
		сатушы	8	
		кассир	4	
		жолбарыс	10	
		лаушы	5	
		ас тартушы	5	
		автосарушы	2	
		қуаушы	1	
		автоқоздырушы	1	
		тақталушы	1	
6	«Келесек» ЖШС	автомобильші	1	«Ақмешік» м/а №13 22-15-81
		жолбарыс	1	
		жолбарыс	1	
		жолбарыс	1	
7	«Алтын тағам» ЖШС	жүргізуші (газ.В.С.)	3	ал Фабрика, 158 8-707-891-81-08
		бастауым сынып мұғалімі	1	
		дәрігерлерінің	1	
		жолбарыс	1	
8	«Ақбөл» ЖШС	елен жуушы	7	Қорғат аға, 84 27-04-74
9	ЖК «Мыра» ЖШС	тігіші	5	Шұңқар көл, 5-9 28-54-51, 87772460804, 87021533019
10	«Ер тарған» бала бақшасы	жолбарыс	1	Жанкет, 1 25-26-57
11	«Смоуш» ЖШС	автоспорт қызметі механигі	1	Бөкейхан, 41 23-49-31
		автомобильді жүргізушісі	1	

12	«Алматыханов» ЖК	жұмысшылар	5	Жаңатас баһауір, 2а 20-22-56
		бухгалтер	1	
		жүргізуші	3	
		жолбарыс	1	
13	«Сыр салма» балабақшасы	мұғалім	1	«Наурыз» м/а, м/а 30-54-58
		орыс тілі пән мұғалімі	1	
		электрлік	1	
14	«Энергомонтажноавтоматизация» ЖШС	есепші	1	Абай даурылы, 39а 23-37-42
15	№ 120 орта мектеп	математика пәні мұғалімі	1	2-Кішік, 6 25-45-82
16	«Қызылорда электр тарату кәсіпорны» АҚ	ресетік қорғаныс, автоматизм электромонітер	1	Өңтөке бп, 25 90-22-17
		механикаландыру және тасымалдау бөлімі бастығы	1	
		электро-монітер	1	
		жетекші бухгалтер	1	
		электрлік	1	
17	«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының облыстық жағуы спорт ішкеріні мектебі» КММ	массаж жасаушы	1	Ғ.Мұратбаев, 2 23-06-98
18	«Түргүйіп Қызылорда» ЖШС	жұмысшы	5	Маханбетова, м/а 22-31-38, 87479820377, 87479820362
		селексір-селексіпші	1	
		газэлектр дәнекерлеуші	5	
19	№5 мектеп-лицей	карауыл	1	Өуекеев, 10
20	«Аян» ЖК	жұмысшы	4	Алтынсарина, 113 87771650316
21	«Шанырақ» ЖК	қызас жуушы	2	Бөкейхан 47, 23-85-66
		салт жуушы	2	
22	№140 қалас орта мектебі	месабіне	1	Абай, 56, 23-55-25
23	«Өнеркәсіп Құрылыс» ЖШС	тас қалаушылар	30	Ақтөбе өкім, Өңтөке бп, 21а 87710720313
		арнаушылар	20	
		монотіпшілер	30	
		сызқалышылар	20	
		аған ұстағы	10	
		арнауы жұмысшылар (қылу жүргізу, вентіляция, су құбыры жүргізу, канализация, электр жабдығы)	10	

4 ЖАРНАМА

www.syrboyi.kz

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефоны: 8(7242) 400954, persona.kad72013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға оқуласуға конкурс жариялайды:

Қалалық тұрғын үй инспекциясы бойыншi бaсшысы (Е-Р-1 са- нaты – 1 бiрлiк). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтiлiне қарай 109548-147986 теңгеге дейiн (экологиялық коэффициенттi есепке алмағанда).

Негiзгi функционалдык мiндеттерi:

Мекеменiң iсiн ұйымдастырды және басып-лық жасайды, бөлiмге жүктелген мiндеттер мен тапсырмалардың орындалуына жауапты болады.

- кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкiн техникалық зерттеудi ұйымдастыруға қатысады;
- кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкiне күрделi жөнделудiң жеке-леген түрлерiн жүргiздiң тiзбесiн және кезектiлiгiн айқындайды;
- кондоминиум объектiсiн басқару органы ұсынған кондо-миниум объектiсiнiң ортақ мүлкiне күрделi жөнделудiң жеке-леген түрлерiн жүргiзуге арналған, тұрғын үй көмегiнiң қатысуымен қаржы-ландырылатын шығыстардың сметасын келiсiледi;
- кондоминиум объектiсiнiң ортақ мүлкiне күрделi жөнделудiң же-ке-леген түрлерi бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөнiндегi комиссияларға қатысу бойынша өкiлеттiктердi жүзеге асырады;
- Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес өзге де функ-цияларды жүзеге асырады.

Үмiткерлерге қоылайтын негiзгi талаптар:

Бiлiмi: Жоғары заңгерлiк, экономикалық немесе техникалық (инже-нер-құрылысшы) бiлiм.

Жұмыс тәжiрибесi келесi талаптардың бiрiне сәйкес болуы тиiс:

- 1) мемлекеттiк қызмет өтiлi үш жылдан кем емес;
- 2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейiнгi бiлiм бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президентi жанындағы бiлiм беру орындарында мемлекеттiк тапсырыс негiзiнде немесе шешелден жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөнiндегi республикалық комиссия бекiтетiн басшы мамандықтар бой-ынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттiк қызмет өтiлi бiр жылдан кем емес;
- 3) ғылыми дәрежесiнiң болуы;
- 4) мемлекеттiк органдарда басып-лық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтiлi бiр жылдан кем емес;
- 5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдык бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтiлi төрт жылдан кем емес, оның iшiнде басып-лық лауазымдарда бiр жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президентi туралы», «Қазақстан Республикасының Парламентi және оның депутаттарының мәртебесi туралы», «Қазақстан Республикасының Үкiметi туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттiк қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттi басқару және өзiн-өзi басқару», «Өкiмшiлiк рәсiмдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтiнiштерiн қарау тәртiбi туралы», «Мемлекеттiк көрсетiлетiн қызметтер туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтiн Қазақстан Республикасының нормативтiк құқықтық актілерiн, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттiң жаңа саяси бағыты» стратегиясын бiлудi.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдык мiндеттердi орындау үшін қажеттi басқа да мiндеттi бiлiмдер.

Конкурс «Бос әкiмшiлiк мемлекеттiк лауазымға орналасуға конкурс өткiзу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекiту ту-ралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттiк қызмет iстерi агенттiгi Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №66-732 бұйрығына сәйкес өткiзiледi.

Конкурсқа қатысуға қажеттi құжаттар:
1) Өкiлеттi орган белгiлеген нысандағы өтiнiш;
2) 3x4 үлгiдегi суретпен өкiлеттi орган белгiлеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) Бiлiмi туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшiрмелерi;
4) Еңбек кiтапшасының нотариалдық куәландырылған көшiрмелерi;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлiгiнiң 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекiтiлген (Қазақстан Республикасының Нормативтiк құқықтық актілерiдiң тiзiмiнде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тiркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлiгiнiң көшiрмесi;
7) Құжаттарды тапсыру сәтiнде өкiлеттi органмен белгiленген шектi мәнiнен төмен емес нәтижемен тестiлеуден өткенi туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдык куәландырылған көшiрмесi).

Егер азамат еңбек қызметiн жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтiлi талап етiлмейдi. Құжаттардың толық емес пакетiн ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негiз болып табылады.

Мемлекеттiк қызметшiлермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетiлген құжаттарды олар жұмыс iстейтiн мемлекеттiк органдардың персоналды басқару қызметi (кадр қызметi) куәландыра алады.

Азаматтар өздерiнiң бiлiмi, жұмыс тәжiрибесi, кәсiби деңгейi және беделi жағын (кәсiби бiлiктiлiгiн арттырғаны жайлы, ғылыми атағы және дәрежесiн алғандығы туралы құжаттардың, мiнздемелерiнiң, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқа көшiрмелерi) қосымша ақпарат ұсына алады.

Құжаттар конкурс өткiзу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылор-динские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күнi iшiнде «Қызылорда қаласы әкiмiнiң аппараты» мемлекеттiк мекемесi, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесi, 16 үй, мекен-жайы бойынша қабылданады

Әнгiмелесуге жiберiлген үмiткерлер конкурс комиссиясы шешiм қабылдаған күннен бастап екi жұмыс күнi iшiнде әнгiмелесуге өткiзу күнi туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Ха-барландыру қатысушылардың электрондық құқықтық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жiберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкiн.

Үмiткерлермен әнгiмелесу «Қызылорда қаласы әкiмiнiң аппара-ты» мемлекеттiк мекемесi, (Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесi, 16 үй) әнгiмелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күнi iшiнде өтедi.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтiлiгiн қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол бередi.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретiнде Қазақстан Республикасы Парламентiнiң және барлық деңгейдегi мәсiхат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгiленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттiк органдардың, қоғамдық бiрлестiктердiң (үкiметтiк емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкiлдерi, уәкiлеттi органның қызметкерлерi қатыса алады.

Байқаушы ретiнде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әнгiмелесуге басталуына 1 жұмыс күнi қалғанға дейiн кешiктiрмей персоналды басқару қызметiне (кадр қызметiне) тiркеледi. Тiркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметiне (кадр қызметiне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшiрмесiн, ұйымдарға тиесiлiлiгiн растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшiрмелерiн ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттiк органның басыншымен (жау-апты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол бередiлi. Сарапшы ретiнде конкурс жариялаған мемлекеттiк органның қызметкерi болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдык бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжiрибесi бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды iрiктеу және жоғарылату бойынша ма-мандар, басқа мемлекеттiк органдардың мемлекеттiк қызметшiлерi, Қазақстан Республикасы Парламентiнiң және мәсiхат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттiк әкiмшiлiк лауазымына үмiткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттiк қызмет iстерi агенттiгiнiң Аста-на, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Пе-тропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестiлеу орталықтарында белгiленген тәртіппен өтедi.

Е-Р-1 - санаты үшін тестiлеу бағдарламасы: мемлекеттiк тiлдi бiлуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын бiлуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президентi туралы» (15 сұрақ); Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттiк қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Әкiмшiлiк рәсiмдер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтiнiштерiн қарау тәртiбi туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттiк көрсетiлетiн қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттi басқару және өзiн-өзi басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын бiлуге арналған тест сұрақтары кiредi.

Азаматтар конкурскa қатысу шығындарын (әнгiмелесуге өтетiн жер-ге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметiнiң барлық түрлерiн пайдалану) өздерiнiң жеке қаражаттары есебiнен жүргiзедi.

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев к. 16 үй, анықтама үшін те-лефоны: 8 (7242) 400954, persona.kad72013@mail.ru «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:
«Қалалық коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы (Е-В-Р-5 санаты (индекс 60-1-4) – 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 49969 теңгеден 67907 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функциональлық міндеттері:

- Қалашілік қоғамдық жолаушылар тасымалын ұйымдастыру. Жол қозғалысын және маршрут жөлілерін реттеу.
- Форма №2, №3 үлгісіне қол қояды және атқарылған жұмыстардың уақыттылы өткізiну, орындалған нысандарды теңгеріме алу, қабылданатын нысандар сапалы болуын, нормативке сәйкес келуін, белгiленген межеде аяқталуын қадағалап қабылдау.

- Ағымдағы және күрделi жол жөнделу жұмыстарына мемлекеттiк са-тып алу конкурсын ұйымдастыру.

- Жол қозғалысын реттеудiн техникалық құралдарын орнату, күтiп ұстау және жөнделу (жол белгiлерi, жолаырық сызықтары, жанады тетiс емес қондырғылар, бағдаршам).

- Жабын материалдарына қарамастан жолдар мен тротуарларды жөнделу және күтiп ұстау, такси, автомобиль тұрақтарын орнату, жөнделу және күтiп ұстау;
- автомобиль жолдары құрылысы, қайта салынуы, кеңейтiлуi және күрделi жөнделу жұмыстары кезiнде (жоба-сметалық құжаттарында қарастырылса) жаяу жүргiншi жол, бордюрлер, көшенiң түнгi жарықтарын салу жұмыстарын жүргiзу;

- Жолаушылар көлiгiне жалпы қолданыстағы автомобиль жол-дарымен өтетiн қаланың бағыттық желiлерiне тiкелей басқару мен ведомстволық бақылауды iске асыруды, тұрғындар сұранысын қанағаттандыру үшін жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;
- ҚР заңнамасына сәйкес жолаушылардың және басқа да көлік қызметiн пайдаланушылардың мүдделерiн қорғау.
- Мемлекеттiк сатып алу конкурсын ұйымдастыру.
- Табиғи және технокендігi сипатты төтенше жағдайларды жою жұмыстарын ұйымдастыру. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз-шағымдардың уақытлы қаралуы мен жауап берiлуi.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары немесе ортадан кейінгі техникалық ғылымдар және техноло-гиялар немесе құқық (құқықтауы) білім;
Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:
1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну та-лап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінздемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабда орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурскa қатысу үшін жоғарыда көрсетiлген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әнгiмелесуге басталғанға дейiн бiр жұмыс күнi бұрын кешiктiрiлмей бередi. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берiлгенге жағдайда тұлға әнгiмелесуден өтуге жiберiлмейдi.

Құжаттар конкурс өткiзу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылор-динские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күнi iшiнде «Қызылорда қаласы әкiмiнiң аппараты» мемлекеттiк мекемесi, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесi, 16 үй, №212 ка-бинетте қабылданады.

Әнгiмелесуге жiберiлген үмiткерлер конкурс комиссиясы шешiм қабылдаған күннен бастап екi жұмыс күнi iшiнде әнгiмелесуге өткiзу күнi туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Ха-барландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жiберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкiн.

Үмiткерлермен әнгiмелесу «Қызылорда қаласы әкiмiнiң аппара-ты» мемлекеттiк мекемесiнде (Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесi, 16 үй) әнгiмелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күнi iшiнде өтедi.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтiлiгiн қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол бередi.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретiнде Қазақстан Республикасы Парламентiнiң және барлық деңгейдегi мәсiхат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгiленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттiк органдардың, қоғамдық бiрлестiктердiң (үкiметтiк емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкiлдерi, уәкiлеттi органның қызметкерлерi қатыса алады.

Байқаушы ретiнде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әнгiмелесуге басталуына 1 жұмыс күнi қалғанға дейiн кешiктiрмей персоналды басқару қызметiне (кадр қызметiне) тiркеледi. Тiркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметiне (кадр қызметiне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшiрмесiн, ұйымдарға тиесiлiлiгiн растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшiрмелерiн ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттiк органның басыншымен (жау-апты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол бередiлi. Сарапшы ретiнде конкурс жариялаған мемлекеттiк органның қызметкерi болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдык бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжiрибесi бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды iрiктеу және жоғарылату бойынша ма-мандар, басқа мемлекеттiк органдардың мемлекеттiк қызметшiлерi, Қазақстан Республикасы Парламентiнiң және мәсiхат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттiк әкiмшiлiк лауазымына үмiткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттiк қызмет iстерi агенттiгiнiң Аста-на, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Пе-тропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестiлеу орталықтарында белгiленген тәртіппен өтедi.

Е-Р-5 - санаты үшін тестiлеу бағдарламасы: Мемлекеттiк тiлдi бiлуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын бiлуге арналған тест-ке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттiк қызмет ту-ралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтiнiштерiн қарау тәртiбi ту-ралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттiк көрсетiлетiн қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттi басқару және өзiн-өзi басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын бiлуге арналған тест сұрақтары кiредi.

Азаматтар конкурскa қатысу шығындарын (әнгiмелесуге өтетiн жер-ге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметiнiң барлық түрлерiн пайдалану) өздерiнiң жеке қаражаттары есебiнен жүргiзедi.

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ҚАЗАТРОҚАРЖЫ
*Әрбір асін көрсетсе -
көрсетсіді турағын ел!*

КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ:

ТАУАРЛЫ-СҮТ ФЕРМАЛАР КӨКӨНІС ҚОЙМАЛАРЫ ЖЫЛЫЖАЙЛАР ЖӘНЕ СУАРУ ЖҮЙЕСІ АСТЫҚ ҚОЙМАЛАРЫ АСЫЛ ТҒҚЫМДЫ ШАРАУШЫЛЫҚТАР ҚҰС ФАБРИКАЛАРЫ ЖҰМЫРТҚА ЖӘНЕ ЖҰМЫРТҚА ҰНТАҒЫНЫҢ ӨНДІРСІ МАЛ БОРДАҚЫЛАУ АЛАНДАРЫ ЕТТІ ҚАЙТА ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫ ЖЕМІШП ӨНДІРСІН ДАМУЫ ШОШАҚ СІСІРУ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

WWW.KAF.KZ

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда облысы бойынша билігалы Қызылорда қ., Жалтоқсан к-сі, 46/48, 3 қабаТ
Тел. 8(7242) 23-00-74, 23-00-59
e-mail: kzl@kaf.kz

ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫ ҚАЛЫПТЫ

Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы «Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу мониторингін жүзеге асыру қағидалары туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қантардағы №137 Қаулысының мұнай өнімдерінің болжау сауда бағасына мониторинг жүргізуі туралы 4-тармағына сәйкес 20 қазандағы жүргізілген мониторинг нәтижесімен облыста «АИ-92» марка-лы бензині – 128 теңге, «АИ-80» – 89 теңге, дизель отыны 115 теңген құрап отыр, яғни 2014 жылдың 21 тамыздағы ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бекітілген шекті бағалардан аспайтындығын жеткізді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні облыста мұнай өнімдерін бөлшек саудада са-татын жалпы 121 жанар-жағармайқұо бекеті жұмыс жасайды. Оның ішінде Қызылорда қаласындағы 44 жанар-жағар май құо бекеттерінде «АИ-92» мар-ка-лы бензині күнделікті қолма-қол түрде бөлшек саудада сатылып жатқандығын хабарлайды.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде 20 қазандағы бағамен ең арзан өнімдері облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда қаласы. «Дөңді» әлеуметтік дүкендерінде 1 сорты би-дай ұны – 54, кант – 130, күрш – 185, ет – 950, тауық еті – 395, бөксе нан – 35, картоп – 75, жуа – 90, сөбіз – 100, қырыққабаТ – 60, қызылша – 80, қарақұмық – 145, арпа жармасы – 90, сулы жармасы 135 теңгеден сатылады. «Мирас» сауда үйінің ауысы-на орналасқан қоймада картоп – 80-85, жуа – 75-80, сөбіз – 75-80, қызылша – 90, қырыққабаТ 65-70 теңгеден саты-лып жатыр.

Арал ауданы. Арал қаласындағы «Алтау» базарының кәсіпкері С.Саяновтың дүкеніде кант – 180-190, картоп –70-75, жуа – 80, сөбіз – 90-100, қырыққабаТ – 80 теңге, ал «Қанат» базарының жанындағы Н.Сапаровтың дүкеніде кант – 180, картоп – 70, жуа – 80, сөбіз – 100, қырыққабаТ – 80, күрш 200 теңгеден сатылады.

Қазалы ауданы. «Ырыс-Болашақ және К», «Орын-ай» сауда орындары-да жұмыртқа – 18, картоп – 75, жуа – 80, қырыққабаТ – 80, сөбіз – 90, өсімдік майы – 240-250 теңге.

Қармақшы ауданы. «Ыбибүр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп – 80, сөбіз – 95, жуа – 80, қырыққабаТ 80 теңгеден сатылып жатыр. ЖК «Ешмуратов», ЖК«Жапсабаев» дүкендерінде 1 сорты бидай ұны 56 теңгеден сатылып жатыр.

Жалағаш ауданы. «Аниет» және «Қаракез» дүкендерінен 1 сорты бидай ұны – 57, жұмыртқа – 18, өсімдік майы – 230-240, жуа – 70, сөбіз – 100, картоп – 80, қырыққабаТ 70 теңгеден алуға болады. Сондай-ақ, «Әлілет» бағзын-да еттің келісі 1200 теңгеден.